

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпарат

"Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 1 қыркүйек - Білім күніне орай "Мектебім - мейірім мекені" тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.

Салтанатты жиынның мақсаты: білім алушылардың білім алуға ұмытылысын, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

Жиын барысында мектеп директорының міндетін атқарушы Бекова Алтынгүл және ардагер ұстаздарымыз бен ауыл әкімі құттықтау сөз сөйлеп, жаңа оқу жылында барлық оқушыларға сәттілік тіледі. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып оқушылары өздерінің өлең шумақтарын арнады.


2024-2025 оқу жылында барлық ұстаздарға толағай шығармашылық табыс, оқушыларымызға сәттілік тілейміз!



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп. КММ-де 02-қыркүйек күні 11-сынып оқушыларына "Менің отаным Қазақстан" тақырыбында сынып сағаты болды. Мақсаты: оқушыларды отаншылдыққа, туған жерін сүйуге, мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, мемлекеттік тілін құрметтеуге Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп.



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпарат

Тобанияз атындағы ЖББМ, КММ- нде Балалардың құқықтық санасын арттыру мақсатында қауіпсіздік қағидалары бойынша әзірленген балалар бояулары 1 сынып оқушылары арасында таратылып, жол қауіпсіздігі жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру көзделді. Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік деп балаларға толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Ақпарат

«Тобанияз ЖББМ» КММ-де 4.10.24 күні «Қалдырған ізің мәңгілік...!» атты ұстаздар күніне арналған танымдық шара өтті. Шараның негізгі мақсаты: мектебімізде ұстаздық қызмет атқарған ұлағатты ұстаз Тілебаев Байсейіт атындағы қазақ тілі мен кабинетін ашу. Кабинет ашылуға өз үлестерін қосып, ішін жабдықтаған Тілебаев Байсейіттің ұрпақтары. Шараға ұстаздың ұрпақтары келіп, мектебімізде қонақ болды.



Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де қыркүйек айының 4-і күні Өзін-өзі басқару ұйымы және кәсіптік бағыт бағдар беру педагогы А.Азирбаеваның ұйымдастыруымен «Дублер күні» болды. Мақсаты: Оқушылардың болашақ таңдаған мамандықтары бойынша сол салада өзін көру. Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Мамандықтары бойынша білімін, ой-өрісін кеңейту.





Ақпарат

“Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ-нің 2024-2025 оқу жылында "Мектепке жол,, республикалық қайырымдылық акциясы аясында ауылымыздың кәсіпкер азаматы Көшеров Ринат Жарылғасынұлы аз қамтылған отбасы балаларын

спорттық киімдермен қамтамасыз



етті.

Ақпарат

Қыркүйек айының 24-29 күндері Өзбекстан елінде Ташкент қаласында өткен «Әлем Кубогі-2024» жарысында мектебіміздің спортшысы Жоламан Мансұр лайк-контакт бөлімшесіне +69кг салмақта жүлделі ІІІ орынға ие болды. Аталған жарысқа 41 елден 2700ге жуық спортшы қатысып

бақтарын сынады. Мансұрдың бапкері Ноғаев Сәтжан Қайратұлы.



Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММнің педагог-психологы И.Сайынова 5-сынып оқушыларына “Біз 5-сыныпқа барамыз” тақырыпты аясында тренинг-сабақ өткізді. Мақсаты: балалардың өз-өздерін тануға, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету,

оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

Тренинг барысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын ашық айтып, қызықты ойын арқылы математикалық ойлау қабілетін шыңдай білді. Бір-бірлеріне оқушылар жақсы тілектерін айтып қорытындылады.



Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММ-нің педагог-психологы И.Сайынова 8-сынып ата-аналарына “Бала тәрбиесіндегі ата-ана” тақырыбында тренинг-сабақ өткізді. Тренинг мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата - ана тәрбиесінің әдіс-

тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Тренинг барысында ата-аналар дәстүрден тыс бір-бірімен амандасып, сұрақтарға жауап берді. Ата-ананың бала үшін рөлі қаншалықты маңызды екені жайында толық айтылып, ерекше көңіл-күйде өтті.



В

Ақпарат


“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММде Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай мектебімізде іс-шаралар жалпымектептік жиында өтті.

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күнінің ұраны: “Психикалық саулық-деннің саулығы”. Мақсаты: білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеп отырған жас жеткіншектер арасында психологиялық ахуалды жақсарту, өмірдегі адамгершілік, отбасылық, татулық құндылықтарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

9 қазан күні жалпымектептік оқушылар жиынында мектеп психологы И.Сайынова сөз сөйлеп, Психикалық денсаулық күнінің маңызы туралы баяндады.

10 қазан күні “Психикалық саулық-деннің саулығы” ұранымен ата-аналар жиналысында баяндама оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. “Отбасы-бақыт бесігі” тақырыбында оқушылар арасында сурет салу өнері өткізілді.

11 қазан күні оқушыларға психикалық денсаулық аясында кинотерапия өткізіліп, қорытындыланды.



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

Ақпарат

19.09.2024 күні Тобанияз мектебінде Аудан ауруханасынан медбикелер келіп «Адам папиллома вирусына қарсы вакцинациясы» бойынша 9-15 жастағы қыз балалардың ата-аналар жиналысын ұйымдастырып, түсінік жұмыстарын жүргізіп, видеороликтер көретті. Негізгі мақсаты: АПВ-тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар түрі. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде ЖМО анықталады және 340 мың әйел қайтыс болады, ал Қазақстанда жатыр мойыны обырының 1600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 500-ден астам әйел қайтыс болады. Әлемде бұл вакцинацияға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинациясыны енгізді. Осы ақпараттар жайында мәліметтермен таныстырып өтті.



Ақпарат

19.09.2024 күні Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптар аралығында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Мақсаты:

- 1.Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
- 2.Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
- 3.Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Жиналыста бала тәрбиесі отбасынан басталатындығын ,баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі ,ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы екендіктері айтылды.Сондай-ақ жиналыста ата-аналарға әр түрлі қызықты сұрақтар қойылып,жауаптар алынды.



,+

Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 04.11.2024 күні 7-сынып оқушыларына сынып жетекшісі Бердәулетова Салтанат «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

Сынып сағатында батылдық пен патриотизмнің нышанына айналған Раджан Батырханов және Руслан Зәкиев туралы қос батырдың өмірбаяны мен ерлігі туралы айтылды. Оқушылар олардың ерлігін, патриоттық сезімдерін бойларына сіңіріп, батылдық пен ерлік туралы ой түйді.



Ақпарат

6.12.24 күні «Тобанияз жалпы білім беретін мектеп» КММ-де «Қауіпсіз балалық және құқықтық сауаттылық» тақырыбында инспектордың қатысуымен мектеп оқушылары арасында жиналыс өтті. Мақсаты: мектепте буллингтің орын алуына жол бермеу, достық қарым-қатынасты нығайту.



Ақпарат

Бастауыш сыныптарда “Су-тіршілік көзі” тақырыбында сынып сағаттар өтті. Сабақ барысында судың табиғатқа маңызын, табиғаттағы барлық тіршілік атауының құрамына кіретінін, сусыз тіршілік жоқ екенін және суды үнемдеп пайдалану керектігін оқушылар түсінді.



Ақпарат

«Тобанияз жалпы білім беретін мектеп»КММ-де ұстаздар қауымына “Ұстаз” фильмі көрсетілді. Мақсаты:Бұл фильмді көре отырып, ұстаздық мамандықтың мәні мен маңызын тағы бір рет ой елегінен өткізуге себеп болуға септігін тигізу. Мұғалімдер өз жұмысының жауапкершілігін және маңыздылығын сезіне түсті.




Ақпарат

13.12.24 күні Тобанияз мектебінде "Аула клубы" үйірмесінің мүшелері және "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік-тұғырым" атты шара өтті. Мақсаты: Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.



Ақпарат

23 желтоқсан күні мектептің ұлағатты ұстазы Жумағалиева Дариға апайды «Ұлт тұлғасы» төс белгісімен құттықтау шарасы мен «Жеңімпаздарды марапаттау-2024» аудандық, облыстық олимпиадаларда жетістіктерге жетіп жүрген оқушыларымызды марапаттау шарасы өтті.



Ақпарат

13.12.24 күні Тобанияз мектебінде "Аула клубы" үйірмесінің мүшелері және "Өзін-өзі басқару" ұйымының ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік-тұғырым" атты шара өтті. Мақсаты: Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.





Ақпарат

“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММ-де 13.12.2024 күні 5-сынып оқушыларын бірыңғай “Жас ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдау іс-шарасы өтті. “Жас ұлан” ұйымына оқу озаттары 16 оқушы қабылданды.



Ақпарат

“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММ кітапханашысы Н.Теңелбаеваның ұйымдастыруымен 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-тұғырым» атты шара өтті. 7«а» сынып оқушылары Аманбай Айша, Көбейсін Сартай, Бөкенбай Айару, Әзберген Бексұлтан тәуелсіздік туралы өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялату, оқушыларға елін, жерін сүюді, құрметтеуге баулу.




Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ-де "Өнер- асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығы бойынша АӘЖТД пәнінен 10-11 сынып қыз балалар арасында "Мерген ару" сайысы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, қыз балалардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру және оқушылардың бойында әскери-техникалық білім, білік және дағды қалыптастыру.





Ақпараттама

7.04.25 күні “Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ-де мектеп оқушыларына “Терроризм қаупі және оның қоғамға, адам өміріне, қоршаған ортаға тигізетін кері әсері жайлы видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, терроризм туралы хабарлама алғанда қандай іс-әрекет жасау керектігі, жалған ақпаратқа жол бермеу керектігі жайында сөз қозғалды. Мақсаты: Оқушыларға терроризм туралы ақпараттар бере отырып, оның зардабын, қоғамға кері әсері туралы түсіндіру.



Ақпарат

Білім алушылар мен қызметкерлердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау, қауіпсіздік ережелерін үйрету мақсатында мектебімізде төтенше жағдайлардың алдын алу жаттығулары өткізілді.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ де "Өнер-асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығы бойынша дене шынықтыру пәнінен 5-7-сынып оқушылар арасында "Жүзден жүйрік" атты эстафеталық жарыс өтті.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ-де "Өнер-асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығының, 8-11 сынып оқушылар арасында "Ұлттық ойындар" сайысы өткізілді.

Мақсаты: Ұлттық спорт және ойын түрлерімен таныстыру, оның мәнін, ұлттық маңыздылығын ұғындыру, элементтерін үйрету, салауатты өмір салтына баулу. Жастарды, алдыңғы ұрпақтың ұлт денсаулығын сақтау бойынша тәжірибесімен және салт дәстүрлерімен таныстыру.



Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханасында 2 сәуір Халықаралық балалар кітап күніне орай оқушылармен дөңгелек стол ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кітап- сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.



Ақпарат

2025 жылдың 29 наурыз күні “Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп,,КММ-де сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікте мектеп айналасы қоқыстардан тазартылып, қураған бұталар алынды, аулалар сыпырылып, құрғақ шөптерден тазартылды.

Аталған іс-шараға ұжым белсенділікпен атсалысып, мектеп тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстарына өз үлестерін қосты.



Ақпарат

“Наурызнама” онкүндігі аясында мектебімізде “Жақсылық менен және сенен басталады” тақырыбында қайырымдылық акциясы өтті. Мақсаты: Оқушыларға мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту.



Ақпарат

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Наурызанама” онкүндігі аясында Ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өтті.Мақсаты: Оқушыларға ұлттық спорт түрлерін таныстыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, патриоттық сезімге баулу



Ақпарлама

Мектебімізде Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастырып, оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту үшін жыл сайын оның әр күнін белгілі бір тақырыпқа арнау ұсынылды. Мектебімізде осы тұжырымдамаға сай Наурыз мейрамын атап өтудің арнайы жоспарына сай 14 наурыз - “Көрісу күні - Амал мерекесі” атап өтілді. Мектепке келуші-ұстаздар мен оқушыларды күтіп алу үшін “Бауырсақ party” ұйымдастырылып, домбырашылар тобы күмбірлеген күйлерімен қарсы алды. Мұғалімдер мен қызметкерлер және оқушылар бір-бірімен көрісіп, жақсы тілектер тілеп, мәре-сәре болды. Алғашқы сабақта барлық пән мұғалімдері сабағының 5 минутын “Амал мерекесінің шығу тарихы” деген шағын танымдық лекциядан бастады.



Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ-де каникулда кітап оқимыз шарасы өтті.

Мақсаты: әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу арқылы жаңа ақпараттармын танысып, өздерінің білім деңгейін арттыру. Ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Кітап оқу арқылы сөздік қорын байытып, ойды жүйелі жеткізуге үйрету. Көркем әдебиет оқу арқылы жаңа әлемдерге жетелеп, қиялын дамыту



Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-ның кітапханасында «Автормен кездесу» іс-шарасы ұйымдастырылды. «Қос асылым-ардағым» кітабының авторы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Д. Жұмағалиевамен оқушылар кездесті.

Мақсаты: Автордың идеяларын қалай дамытатынын, жазу стилін, жұмыс тәсілін білу. Шығармадағы негізгі ойларды талқылау, кейіпкерлерді, оқиғаларды тереңірек түсіндіру. Оқырмандарды әдебиетке, шығармашылыққа баулу, автордың сөзін тыңдап, мотивация алу.



Ақпарат

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы бастау алды. Оның аясында мектеп ұжымы және оқушылар тазалық шараларын ұйымдастырып, сенбілік өткізді. Сыпыру, қоқыстарды жинау, шығару, ағаштардың түптерін қопсыту жұмыстары жасалды. Мақсаты: қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.





Ақпарат


„Наурызнама” онкүндігі аясында 17 наурыз ұлттық және жасөспірімдерге арналған патриоттық кино апталығына „Болмаған балалық шақ” драмалық кинофильмін мектебіміздің АКТ залында тамашалады.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ-де "Өнер- асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығы бойынша АӘЖТД пәнінен 10-11сынып қыз балалар арасында "Мерген ару" сайысы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, қыз балалардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру және оқушылардың бойында әскери-техникалық білім, білік және дағды қалыптастыру.



Ақпарат

7.04.25 күні “Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ-де мектеп оқушыларына “Терроризм қаупі және оның қоғамға,адам өміріне, қоршаған ортаға тигізетін кері әсері жайлы видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Сондай-ақ, терроризм туралы хабарлама алғанда қандай іс-әрекет жасау керектігі, жалған ақпаратқа жол бермеу керектігі жайында сөз қозғалды.Мақсаты: Оқушыларға терроризм туралы ақпараттар бере отырып,оның зардабын,қоғамға кері әсері туралы түсіндіру.



Ақпарат

Білім алушылар мен қызметкерлердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау, қауіпсіздік ережелерін үйрету мақсатында мектебімізде төтенше жағдайлардың алдын алу жаттығулары өткізілді.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ де "Өнер-асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығы бойынша дене шынықтыру пәнінен 5-7сынып оқушылар арасында "Жүзден жүйрік" атты эстафеталық жарыс өтті.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы ЖББМ" КММ-де "Өнер-асыл қазына" атты эстетикалық пәндер апталығының, 8-11 сынып оқушылар арасында "Ұлттық ойындар" сайысы өткізілді.

Мақсаты: Ұлттық спорт және ойын түрлерімен таныстыру, оның мәнін, ұлттық маңыздылығын ұғындыру, элементтерін үйрету, салауатты өмір салтына баулу. Жастарды, алдыңғы ұрпақтың ұлт денсаулығын сақтау бойынша тәжірибесімен және салт дәстүрлерімен таныстыру.



Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ кітапханасында 2 сәуір Халықаралық балалар кітап күніне орай оқушылармен дөңгелек стол ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кітап- сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.



Ақпарат

2025 жылдың 29 наурыз күні “Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп,,КММ-де сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікте мектеп айналасы қоқыстардан тазартылып, қураған бұталар алынды, аулалар сыпырылып, құрғақ шөптерден тазартылды.

Аталған іс-шараға ұжым белсенділікпен атсалысып, мектеп тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстарына өз үлестерін қосты.



Ақпарат

“Наурызана” онкүндігі аясында мектебімізде “Жақсылық менен және сенен басталады” тақырыбында қайырымдылық акциясы өтті. Мақсаты: Оқушыларға мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, әлеуметтік

жағдайы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту.



Ақпарат

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Наурызанама” онкүндігі аясында Ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өтті.Мақсаты: Оқушыларға

Ұлттық спорт түрлерін таныстыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру,
патриоттық сезімге баулу



Ақпарат

Мектебімізде Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастырып,
оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту үшін жыл сайын оның әр

күнін белгілі бір тақырыпқа арнау ұсынылды. Мектебімізде осы тұжырымдамаға сай Наурыз мейрамын атап өтудің арнайы жоспарына сай 14 наурыз - “Көрісу күні - Амал мерекесі” атап өтілді. Мектепке келуші-ұстаздар мен оқушыларды күтіп алу үшін “Бауырсақ party” ұйымдастырылып, домбырашылар тобы күмбірлеген күйлерімен қарсы алды. Мұғалімдер мен қызметкерлер және оқушылар бір-бірімен көрісіп, жақсы тілектер тілеп, мәре-сәре болды. Алғашқы сабақта барлық пән мұғалімдері сабағының 5 минутын “Амал мерекесінің шығу тарихы” деген шағын танымдық лекциядан бастады.



Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ-де каникулда кітап оқимыз шарасы өтті.

Мақсаты: әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу арқылы жаңа ақпараттармын танысып, өздерінің білім деңгейін арттыру. Ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Кітап оқу арқылы сөздік қорын байытып, ойды жүйелі жеткізуге үйрету. Көркем әдебиет оқу арқылы жаңа әлемдерге жетелеп, қиялын дамыту



Ақпарат


«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ- ның кітапханасында «Автормен кездесу» іс-шарасы ұйымдастырылды. «Қос асылым-ардағым» кітабының авторы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Д. Жұмағалиевамен оқушылар кездесті.

Мақсаты: Автордың идеяларын қалай дамытатынын, жазу стилін, жұмыс тәсілін білу. Шығармадағы негізгі ойларды талқылау, кейіпкерлерді, оқиғаларды тереңірек түсіндіру. Оқырмандарды әдебиетке, шығармашылыққа баулу, автордың сөзін тыңдап, мотивация алу.



Ақпарат

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы бастау алды. Оның аясында мектеп ұжымы және оқушылар тазалық шараларын ұйымдастырып, сенбілік өткізді. Сыпыру, қоқыстарды жинау, шығару, ағаштардың түптерін қопсыту жұмыстары жасалды. Мақсаты: қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.



Ақпарат

„Наурызнама” онкүндігі аясында 17 наурыз ұлттық және жасөспірімдерге арналған патриоттық кино апталығына „Болмаған балалық шақ” драмалық кинофильмін мектебіміздің АКТ залында тамашалады.



Қамқор жобасы 2024-2025 ақпарламалары

Ақпарлама

“Тобанияз атындағы ЖББМ” КММ-нің 2024 жылдың 01 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында “ Жақсылық жаса” деген ұранмен “Мектепке жол” республикалық акциясы кезінде ауылымыздың кәсіпкері Жасұлан Қосжанов мырза аз қамтылған және жартылай жетім оқушыларға 20 дәне оқу-құралдармен жабдықталған сөмкемен қамтамасыз етті. Мектеп әкімшілігі атынан кәсіпкерге алғыс айтамыз!



Ақпарат

“Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ-нің 2024-2025 оқу жылында "Мектепке жол,, республикалық қайырымдылық акциясы аясында ауылымыздың кәсіпкер азаматы Көшеров Ринат Жарылғасынұлы аз қамтылған отбасы балаларын спорттық киімдермен қамтамасыз етті. Ауыл кәсіпкерлеріне мектеп әкімшілігі атынан алғыс айтамыз!



Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-де 11-сынып оқушыларының "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға, тазалық сақтауға баулу. Оқушыларға туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ де психологиялық Өмірге "Иә" деп айт онкүндігінің жоспарына орай "Жүрек жылуы" атты қайырымдылық жәрмеңкесі 6-11 сыныптар аралығында өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойына мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін сіңіре білу.



Ақпарат

Бүгін “Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММ-де көктемнің алғашқы мерекесі-алғыс айту күніне орай, “Өзін-өзі басқару ұйымы” мектеп ұстаздары мен қызметкерлерін құттықтап, шағын мерекелік шара ұйымдастырды.

Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз. Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады. Сондықтан күн сайын, тіпті сағат сайын әртүрлі себептерге байланысты бір-бірімізге алғыс айтқанымыз артық болмас. Барша отандастарға шынайы ниетпен алғыс білдіреміз!



Ақпарат

“Тобанияз жалпы білім беретін мектеп”КММ-де “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы бастау алды. Оның аясында мектеп ұжымы және оқушылар тазалық шараларын ұйымдастырып, сенбілік өткізді. Сыпыру, қоқыстарды жинау, шығару, ағаштардың түптерін қопсыту жұмыстары жасалды.Мақсаты:қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.



Ақпарат

“Наурызана” онкүндігі аясында мектебімізде “Жақсылық менен және сенен басталады” тақырыбында қайырымдылық акциясы өтті.



Ақпарат

2025 жылдың 29 наурыз күні “Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп, КММ-де сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікте мектеп айналасы қоқыстардан тазартылып, қураған бұталар алынды, аулалар сыпырылып, құрғақ шөптерден тазартылды. Аталған іс-шараға ұжым белсенділікпен атсалысып, мектеп тазалығы мен көркейту-көгалдандыру жұмыстарына өз үлестерін қосты.



Ақпарат

"Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ

Ұйымдастырушы педагог, тарих және география пәні мұғалімі Суйшбекова Жанылсын апай " Табиғатты аялайық" атты практика сабақ өткізді. Мақсаты: Табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Апай білім алушыларға егін егуді және оны баптауды үйретті. Оқушылар

дәнді-дақылдарды егіп оны бақылап тұруға міндетіне алды. Жемісті болсын еңбектері деп сәттілік тілейміз.



Ақпарат

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ

Ұйымдастырушы педагог және сынып жетекші Суйшбекова Жанылсын апай
Ақшымырау ауылының 90 жылдығына орай 9"Ә" сыныбы "Менің таза

ауылым" атты сыныптан тыс шара өткізді.Мақсаты: Оқшыларды ұйымшылдыққа,туған жерді құрметтеуге,табиғатты аялауға тәрбиелеу.



